Мақала халық композиторы Дина Нұрпейісованың ең жарқын туындыларының бірі «Бұлбұл» күйінің шығу тарихын зерттеу арқылы жас орындаушыларға күйдің сырын теренірек ашып, толыққанды ту-сінікпен жеріне жеткізе орындауларына септігін тигізуге бағытталған. Осы аттас күй Құрманғазы, Даuletкереi, Сейтек және т.б. күйшілердің шығармашылығында кездеседі. Соның ішінде Динаның «Бұлбұлы» – күймен қосарлана айтылатын аңыздагы «Соқыр қыздың әні» мен «бұлбұл» бейнелерінің өзара ұштасуымен ерекшеленеді, әрі қызығушылық тудырады. Таңдай келе бұл байланыстың қазақтың дәстүрлі дүниетанымында кездейсоқ құбылыс емес екендігіне көзіміз жетті. Бұл түрғыда Дина жаңашыл (новатор) суреткер ретінде бұлбұл тақырыбында күй шығару дәстүрін жалғастыра отырып, қалыптасқан көзқарас ауқымын кеңейтіп бұл бейнеге өзіндік леп қосып дамытқан, жаңашыл арнаға салып сомдаған.

Түйін сөздер: Дина Нұрпейісова, домбыра, күй, әнер, бұлбұл, бейне, аңыз, әңгіме, соқыр қыздың әні, дәстүр, шығармашылық.

Toktagan A.A.

**Is kuyi Bulbul by Dina
Nurpeissova a singing of
nightingale or song of sad girl?**

The article is aimed at enhancing knowledge of young people about one of the brightest compositions of people's composer Dina Nurpeissova Bulbul through study of the history of its creation which should contribute to full understanding and presentation of composer's idea in order to enhance delivery of feelings and mode of this kyui during performance. Cognominal kyuis are present in work of such composers like Kurmangazy, Dauletkerei, Seitek and others. Dina's Bulbul differs and sparks interest firstly as Song of blind girl and character of nightingale are interrelated in the legend which is told along with the kyui. Having analyzed this relation we recognized that this phenomenon is not random in traditional mindset of Kazakhs. In this respect Dina as creator-innovator not only continued tradition of composing kyuis related to nightingale's theme and also added her own view to this character and enlarged diapason of customary concepts.

Key words: Dina Nurpeissova, dombra, kyui, art, nightingale, character, legend, story, song of blind girl, traditions, creative work.

Токтаган А.А.

**Кюй «Бұлбұл» Дины
Нұрпейисовой – пение птицы
или песня печальной девушки?**

Статья направлена на углубление знаний молодых исполнителей об одном из самых ярких произведений народного композитора Дины Нурпейисовой «Бұлбұл» через исследование истории его создания, что должно способствовать полноценному пониманию и раскрытию идеи композитора в целях совершенствования передачи настроения и состояния этого кюя при его исполнении. Одноименные кюи встречаются в творчестве таких композиторов, как Курмангазы, Даuletкереi, Сейтек и др. «Бұлбұл» же Дины отличается и вызывает интерес прежде всего тем, что в легенде, которая рассказывается вместе с кюем, «Песня слепой девушки» и образ «соловья» взаимосвязаны. Анализируя эту связь, мы убедились в том, что это явление не случайно в традиционном мировоззрении казахов. В этом отношении Дина как художник-новатор не только продолжила традицию сочинения кюя на тему соловья, но и привнесла свою лепту и придала этому образу собственное видение, расширив диапазон сложившихся понятий.

Ключевые слова: Дина Нурпейисова, домбра, кюй, искусство, соловей, образ, легенда, рассказ, песня слепой девушки, традиции, творчество.

ДИНА
НҮРПЕЙІСОВАНЫҢ
«БҰЛБҰЛ» КҮЙІ
ҚҰСТЫН САЙРАУЫ МА,
ӘЛДЕ МҰНДЫ
ҚЫЗДЫН ӘНІ МЕ?

Биыл халық композиторы Дина Нүрпейісованың туганына 155 жыл толып отыр. Осынау мерейтой қарсаңында әйгілі күй анысының тұлғасына, оның қазақтың күй өнеріне қосқан үлесіне көңіл бөліп, артына қалдырыған мұрасын зерделеп халықта насиҳаттау біздің абырайлы борышымыз деп білеміз.

Күй өнері – адамды рухани байытып жетілдіру мақсатын көздегенде ғана өзіне лайықты маңызға ие болады. Күй міндеттерінің бірі – аз мүмкіндікпен көп мағына беру, сүйсіндіре отыра шындықты астарлап жеткізу, тындаушыны мәнді дүниеге үйрету. Егер күй адамды ойландырып, шындықты ұғынуға септігін тигізбей тек ермек үшін уақытты көңілді өткізуге ғана бағытталған болса, ол рухты көтеретін биік, құдіретті өнер аталмасы анық. Соңдықтан ертеден келе жатқан дәстүр бойынша қүйді орында мас бұрын тындарманды оның аныз-әңгімесімен таныстыру күйдің мағынасын ашуда қажетті құрал екені белгілі.

Бүгінде, барлығы емес, кейбір орындаушылардың күй тартуда алдыңғы қатарға халыққа жеткізер белгілі бір ой емес, күр виртуоздық, яғни барлық дыбыстарды жалаң техникалық тұрғыдан, бірынғай «таза» және неғұрлым екпінді орындал шығу деп түсінетін «орындаушылық шеберліктің» басым болуының бірден-бір себебі – күйдің негізінде жатқан астар ойға, күй мазмұнына, шығу тарихына жеткілікті мән бермеуде. Дегенмен, орынды пайдаланған техниканың артықтығы жоқ, былайша айтқанда қолдың жүрдектігін шығарманың негізгі идеясын ашуға бағындыра білу қажет. Себебі күйдің ой-сезімдік мазмұн жиынтығы домбыра тарту техникасының ең үздік әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асады. Эрине, күйдің шығу тарихына мән берген кез келген домбырашы күйді керемет тартып кетеді деу дұрыс емес, бірақ күйдің шынайы табиғатын, бүтіндей болмысын танып білудегі шарттардың бірі болып есептеле-тін бұл маңызы зор кезең – домбырашыны шебер орындаушылыққа тағы бір кадам жакыннататыны сөзсіз. Нәтижесінде күйші дыбыстарға жан бітіріп, әуенде нақышына келтіріп, күйді о бастағы автор идеясына сай орындал шығуға барын салады.

Күйші Динаның шығармашылығының шыңы болып танылған аса күрделі «Бұлбұл» күйі көптеген белгілі күйшілердің репертуарынан белді орын алғып, халық ықыласына бөленіп

келеді. Ал дәстүрлі ортада құлағымыз үйренген осы «Бұлбұл» күйінің шығу тарихын жеткілікті білеміз бе? Күй – бұлбұлдың әсем сайрауын бейнелейді деген қарапайым да үстіртін пікір әрбір ізденген, күйді жүргімен ұғынуға тырысатын жанды қанағаттандырмаса керек. Шын мәнінде, күйдің түгі әңгімесінің теренірек жатқанын зерттей келе аңғарамыз.

Сонымен, Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл» күйін талдауды, жоғарыда айтқанымыздай, ең алдымен, оның атауы мен аңызына көніл бөліп бастағанды жөн көріп отырмыз. Бұл күй жайында келтірілген пікірлердің алғашқысын қазақ этномузыкатануының негізін салушы Ахмет Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» еңбегінен табамыз: «Динаның «Бұлбұлында» құстың үні жай ғана көрсетіліп қоймайды, күйде сезімнің бостандығы, ой мен арман идеясы айқын берілген. Бұл күйде бұлбұлдың сайрауы қуаныш гимніне, бақытқа айналатын жерлері бар» деп келеді де: «Қазақ ауыз әдебиетінде табиғаттың образы үлкен адам күйінің, сезімінің психологиялық егізі сияқтандырылып беріліп отырылады. ...Ал музыкада табиғаттың, жан-жануардың, құстың образдары көбінесе адам мінез-құлқын, ойын-, алған бағытын қорытындылау символы болып кетеді» – деп, бұл күйде бұлбұл құстың сайрауы жай бейнеленіп қана қоймаганын және жалпы қазақ музыкасында белгілі бір табиғат бейнесі адамның жай-күйін, сезімін суреттеу нышанына айналатынын жазады [1, 147 б.].

Күйдің шығу тарихына байланысты ел азындағы әңгімені ғалым Faufura Бисенова келтіре отырып, Динаның «Бұлбұл» күйін «Соқыр қыздың әнімен» байланыстырады. Дәлірек айтқанда, бұл күйдің Қазакстанның батысында аңыз болып кең тараған «Соқыр қыздың әні» әуеніне негізделгенін және зағип жанның дарыны мен ішкі жан-дүниесіне тамсанып, шабыттанғанын айтады. Күйші Дина қос жанарынан айырылған, тағдыр тәлкегіне түсken қыздың бейнесін қорғансыз құстың бейнесімен ұштастырған деген пікір келтіреді [2, 47 б.].

Ал енді осы аңыздың әдеби-көркемдік жағынан дамыған түрін Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» кітабынан көреміз. Күйдің шығу тарихының бұл нұсқасын жеткізгендер – атақты күйшілер Қаршыға Ахмедияров пен Сағын Жалмышев және жазушы Илия Жақанов. Кітапта келтірілген көлемді аңызды қысқаша қайыратын болсақ, онда Динаның, алдымен Балым есімді құрбысымен танысқаны, біраз уақыттан соң бір төре Балымды малының күшимен алып, оны бұлттың көлеңкесінен қызғанып,

басынан таяқ айырмайтыны және ән шырқап, күй тартуына жынның ісі деп тыйым салатыны, ақыр сонында Балымды ондырмай сабап, екі көзіне ақ түсіріп, төркініне апарып тастайтыны баяндалады. А. Сейдімбектің ойынша, Динаның «Бұлбұл» күйі Балым құрбысының жапа шеккен ауыр хәлін суреттеуден гөрі, оның керемет өнеріне тамсанудан туған күй секілді. Сонымен қатар, Балымның бойындағы дарынын бұлбұлмен теңеген Динаның: «Бұлбұл болып тудын, бұлбұл болып әрқашан ортамызда жүре бересін», – деген ойы да келтірілген [3, 622 б.].

Байқағанымыздай, Динаның «Бұлбұл» күйіне қатысты аңыз-әңгімелер түрлі болып келеді. Бір қарағанда, қалың қөшпілікті өзінің әсем әуенімен сүйсіндіріп тамсандырған бұлбұлдың сайрауы күйде анық естілгенмен, бұл бейненің астарында ауыр тағдырды бейнелейтін терең ой, қорғансыз жайды суреттейтін зарлы әуен жатқанын аңғаруға болады. Күйдің бұлбұл құс арқылы жеткізілуінің құпиясы неде? «Бұлбұл» бейнесі мен «Соқыр қыздың әні» арасындағы байланыс қандай? Бұл сауалдарға біз осы мақала аясында жауап беруге тырысамыз.

Бұлбұл бейнесі жалпы әлемдік деңгейде, әсіресе әдебиетте кең тараған. Бұл тақырып ойшылдарды әр заманда да толғандырып келген. Олардың арасында ежелгі грек философы Аристотель, әйгілі ақындар У. Шекспир, Д. Китс, Т. Элиот, А. Пушкин, композиторлар Л. Бетховен, П. Чайковский және т.б. бар.

Жеке шығармаларды мысалға келтірсек, дат ақыны Ганс Христиан Андерсеннің (1805-1875) «Бұлбұл» атты ертегісінен тыңдаушы гибрат, өнеге алады. Андерсен құндылықтардың қайсысы шынайы, ал қайсысы жалған екенін көрсетеді және мейірімділік, қарапайымдылық, жанды өнер сияқты нағыз байлықтарды бағалауга шақырады. Себебі бұлар – өлімді де женуге қабілетті ғажап күш [4].

Сол сияқты ирландық философ, эстет, жазушы, ақын Оскар Уайлдтің (1854-1900) «Соловей и роза» атты ертегісі қөшпілікке танымал. Бұл ертегі – ақынның суреткер мен қоршаған әлем арасындағы қарым-қатынасы, оның туындысының өнерге қас, не нәрседен де тек пайда табуға талпынатын филистерлік ортадағы қайғылы тағдыры туралы өзіндік толғаныстары болып табылады. Жалғыз бұлбұл-суреткер ғана шынайы махаббат пен құрбанықты бағалауга қабілетті болып шығады. Бұлбұл мен раушан гүл, Суреткер мен оның Туындысы материалдық пайданың сонына түсken қоршаған әлемде жок этикалық, рухани бастаудың қайнар көзі болып

табылады. Уайлд пікірі бойынша өнер өмірден де қымбат, ал өмір өнерден сусындауы қажет, себебі өнер кәміл және адамдарды рухтандыруға бейім [5].

Осылайша әр жазушы, әр ақын, жалпы әрбір шығармашыл тұлға бұлбұл бейнесін өз түсінігі мен қабылдау шеңберіне қарай құбылтып, өзіндік қолтанбасын береді. Негізі, бұлбұл бейнесі шығыс мәдениетінен, нақтырақ сопылықтан бастау алады. Әрбір тылсым ілім сияқты сопылық та сөздік символиканы, астарлы тенеу, тұспал, нақыл, ишара тілін қолданады. Сопылық символика Омар Хайям, Руми, Хафиз, Джами, Саади және т.б. әйілі парсы ақындарының шығармаларында көрініс тапқан. Соның ішінде «Бұлбұл» бейнесі көптеген танымал сопылық нышандардың бірі ғана және ол қамығып мұнайған таза жан мағынасына ие. Уақыт өте келе бұл бейне көптеген өзге ұлттар әдебиетінде жалғасын тапқан. Бірақ қарғанда Динаның «Бұлбұл» күйін осы сопылық бейнеге жатқызуға болады. Бірақ күйдің шығу тарихында «Соқыр қыздың әні» шыға келеді. Осыған қарап, қазақ музыкасында бұлбұл бейнесі еріксіз әйелдің ауыр тағдырымен байланыстырылғанын байқауга болады. Себебі, қазақтың күй өнерінде «Бұлбұл» атты күйлер, көбіне әйел бейнесін суреттеуден туындаған. Бұған дәлел ретінде Айжан қыздың домбыра тартысына риза болған Құрманғазының «Айда, бұлбұл, Айжан-ай» күйін, бұлбұлаша сайраған әнші қызы Балымға арнаған Динаның күйі «Бұлбұлды», домбыраны бұлбұлдай сайратқан Айша қызы арнағ тартқан Сейтектің күйі «Бұлбұл Айшаны», өзінің еркінен тыс ұзатылайын деп жатқанын күй тілімен астарлап жеткізген Науша қыздың «Бұлбұл» күйін атауға болады. Бұл күйлерге қатысты айтылатын әңгімелердің қай-қайсысында да қызы баланың не ұзатылғанға дейінгі, не қалыңдық кезіндегі, не ұзатылғаннан кейінгі өмірінен үзінділер келтіріліп айтылады, болмаса жалпы қызы баланың нәзік бейнесі, бұлбұлаша сайраған дауысы, не бұлбұлаша тартқан күйі суреттеледі.

Зерттеуші П. Шегебаев өз мақаласында, бұлбұл бейнесі негізінен араб-парсы елдерінен шыққанын, кейін оның қазақ күй өнеріне халық поэзиясы арқылы енгені туралы жаза келе [6, 94 б.]: «В казахской поэтической культуре уже нет той разнообразной трактовки образа Соловья, какую мы наблюдаем в восточной поэзии. Для казахской поэзии, например, менее характерны такие его грани, как уподобление его страдающему в разлуке с любимой возлюбленному, или сравнение песни Соловья с буль-

канием вина («Чаша – розы, графины – бутоны, а бульканье вина – песнь Соловья»). Из всего комплекса употребляемых в восточной поэзии толкований в казахской поэзии наиболее распространены такие, как отождествление его с личностью поэта и сравнение красоты голоса певца с пением Соловья» [6, 96 б.] – дейді. Кейін бұлбұл бейнесі қазақтың аспаптық музыкасында, соның ішінде күй өнерінде өз жалғасын табады. Себебі домбырашылар, көбінесе, өзін толғандырған тақырыптарын ән әуендері мен поэзиядан алып отырған [6, 98 б.].

Әлбетте, о бастағы бұлбұлдың сопылық бейнесі мен қазақ музыкасындағы бұлбұл бейнесінің арасындағы айырмашылық айқын. Күйшілер бұлбұл бейнесінің бастауын халық ауыз әдебиетіндегі сыңсу, бесік жыры сияқты әйел затына тән мұнды әуендермен ұштастырады. Оның бір көрінісі Динаның «Бұлбұл» күйінің «Соқыр қыздың әнінің» әуеніне құрылғандығы. Сондықтан, біз күйдегі бұлбұл бейнесінің әйел адамның бейнесімен байланысын ұғынып тарқатуға бет алдық. Ол үшін «Соқыр қыздың әнінің» тоқталып, әнге жан-жақты талдау жасағанды жөн көрдік. Музыкатанушы Бақыт Тұрмагамбетова ғұрыптық өнерден туған әйелдердің мұнды әндері авторлық кәсіби шығармашылықта өзіндік әдіс-тәсілдерін сақтай отырып қалыптассан деп жазады. Бұл айтылған әнгіме ән шеңберінде болса, біз әйел бейнесіне арналған күйлердің де, соның ішінде «Ақжелендер» мен «Бұлбұлдардың» да тамыры әйелге тән фольклорлық әндерде жатқанын айтқымыз келеді. Б.Тұрмагамбетованың мақаласында, сондай-ақ мазмұны жағынан бірсюжетті болып келетін әйелдердің мұнды әндері, соның ішінде Білектің кең танымал «Соқыр қыздың әні» адамның жан-дүниесіндегі күйзеліс пен зарлы күйін музыкалық тіл арқылы жеткізетін ән ретінде қарастырылған [7].

Жалпы «Соқыр қыздың әні» деп аталағын әндер Қазақстанның түрлі өнірлерінде сақталған. Оларды алғаш нотаға түсірген А. Затаевичтің (1869-1936) «Қазақтың 500 ән-күйі» этнографиялық жинағына «Соқыр қыздың өлеңі» деген атаумен Семей облысында жазып алынған бір әннің (жеткізуши Жұмабек Лекеров) [8, 156 б.] және «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына «Соқыр қыздың әні» деген атаумен Орынбор, Орал губернияларында жазып алынған үш әннің (жеткізушилер Есімғали Жұмағалиев, Камбар Медетов) ноталық жазбалары [9, 263, 279, 449 бб.] енгенине қарағанда «Соқыр қыздың әні» қазақ даласында кең тараган ән болу керек. Әсіресе,

бұл аттас әндердің Қазақстанның батысында көбірек дамығанын Ф. Бисенова айтып кеткенін жоғарыда жаздық. Сол әндердің біреуінің ноталық мысалын көлтірейік.

«Соқыр қызы әнінің» тағы бір нұсқасын Б. Ерзаковичтің (1908-1997) «У истоков казахского музыкоznания» атты кітабы арқылы эт-

нограф С. Рыбаковтың 1901 жылы жазып алғандығын білуге болады. Әннің нотасы және екі тармағы берілген:

«Бір құдай көзімді алды көрмесін деп,
Жолына жын шайтанның ермесін деп».

№1 «Соқыр қыздың әні». Жеткізген К. Медетов; нотага түсірген А. Затаевич

Протяжно, с тоскою L = 76

Сообщил Медетов Ганбар

Бірақ белгісіз себептермен әннің авторы мен орындаушысы жайлы ақпарат берілмеген. Аталған еңбекте Б. Ерзакович 1939 жылы атақты әнші Естай Беркімбаевтың (1868-1946 жж.) өз орындауынан жазып алған «Сандуғаш» әні «Соқыр қызы әнінің» едәуір трансформацияланған нұсқасы екендігі қызығушылық тудыратынын және осындай ұқсастықтар музика тіліндегі эволюциялық үдерістерге жататындығын айтады. Сондай-ақ, Б. Ерзакович: «В «Сандуғаш» совершенно иное содержание. Если в «Соқыр қызы әні» раскрывается музыкальный и поэтический талант оставшейся неизвестной девушки, которая, возможно в своих выступлениях на айтыхах пела, что по воле Аллаха она стала слепой, чтобы джин (бес), слуга шайтана (сатаны), не сорвавши ее с праведного пути, то «Сандуғаш» – волнующее любовное излияние, расширенная мелодия которого без строгого соотношения мелодии и текста, и с более развернутым припевным заключением...» – дегенді [10, 142-145 бб.]. Осы ойды біздің арнаға бұрып жалғастырсақ, «Соқыр қыздың әні» деп шырқаған Балымның зарлы үні Динаның әсем сарынды «Бұлбұл» күйіне ұласуын және оның мазмұны, мінезі жағынан біршама өзгеруін, Б. Ерзакович айтпақшы «музыка тіліндегі эволюциялық үдеріске» жатқызамыз.

Зира Наурзбаева «Две любви Естая» мақаласында сандуғаш сөзі орыс тілінде «стриж» деген құстың білдіретінін және ән мазмұ-

нында: «Естай рассказывает птице о своей жизни, печалится о недостижимой мечте. Он как бы призывает птицу в день Страшного суда стать свидетелем его честно и трудно прожитой жизни» [11] деген басты ой жатқанына назар аудартады. Ал Б. Ерзакович «Сандуғаш» деп жазғанда, міндепті түрде, оның орыс тіліндегі баламасын «Соловей» деп жақшаға жазып кетеді. «Соловей» сөзі қазақ тілінде бұлбұл деп аударылады, бірақ бұлбұлды қазактар кейде сандуғаш деп те атайды. Қарап отырсақ, «Бұлбұл» – «Соқыр қыздың әні» – «Сандуғаш» (стриж) арасындағы өзара байланыс қызығушылық тудырады. Сонда бұлбұл атапымен байланысты «Сандуғаш» әннің де, Динаның «Бұлбұл» күйінің де түбінде «Соқыр қыздың әні» мұнды әуенінің жатқанын және бұл байланыстың қазақ музикасында кездесе соқ еместігін айтқымыз келеді.

Мұнды әуен демекші, «Бұлбұл» деп аталағын күйлердің «Мұнды қызы» деген тағы бір екінші атауы бар. Бұл сөзімізге дәлел болатын бір мысал, ол Сейтектің «Бұлбұл Айша» күйінің шығу тарихына байланысты айттылатын әңгіме. А. Жұбановтың «Фасырлар пернесі» кітабынан үзінді көлтірсек: «...Сол арада қалыңдықтың домбырашы екені де анықталды. Қыз домбырасын алып күй тарта жөнелді. Сейтек оның домбыра шертісін ұнатып қалды да, «Қарағым, домбыраң бұлбұлдай сайрайды екен», – деп сол Айша атты қызға арнап табанда бір күй тартады. Ел арасына ол күй «Бұлбұл Айша» деген атпен тарап кете-

ді. ...автордың мұнда аз да болса бұлбұлдың сайраған үніне еліктегені байқалады. Расында, Айшаның домбырашылығына бұлбұл дегенді текten-тек қосып айтқан жоқ қой. Бұл күйді кей жерлерде «Мұнды қызы» деп атаганымен, онда қайғының суреті мүлде жоқ», – деп жазады А. Жұбанов [1, 171 б.]. Динаның күйі «Бұлбұлды» да, бір қараганда, қайғылы күйге жатқызу қыын. Алайда күйдің ақызына назар аудара отырып, әуенниң мұнды болмауын күйші Динаның бойындағы жігерлілікпен, замандастарын өзінің өнерімен жұбатып қана қоймай, рухтандыра білетін шығармашылығының ерекше қасиетімен байланыстыруға болады.

Сол сияқты, қазақтың күй өнерінде бұлбұл бейнесін қыздың ішкі мұндымен қылыштыра айтудың тағы бір мысалы «Уш атаның тартысы» (кейде «үш аданың айттысы») оқиғасымен байланысты. Бізге жеткен хикаяны қысқаша баяндасақ, бірде кіші жұздің төресі Қаналы үйымдастырған үлкен бір мәжілісте өнер сыйысы болып, ақырында күй тартыс басталады. Тартысқа уш кісі – Есбай, Тоғызбай, Науша қыз түседі. «Бірінші кезек Науша қызға тиеді. Наушаның тартқаны «Шилеме-шегелеме» күйі. Науша бұл күйді тартпас бұрын, алдымен оның ақызына тоқтала кетеді: «Бірде далада «Ақсүйек» ойнап жүргенде, шонқаймамды тасқа соғып, өкшесін сындырып алдым. Сонда бір құрбы жігіт, ұсталығы бар еді, айдың жарығында шонқаймамның өкшесін кәдімгі шимен шегелеп берді. Соңдағы құрбымның өнеріне разы болып шығарған күй еді» депті. Мұнда, шығыс мәдениетіне сай, оқиғаны ашығынан жайып салмай астарлап айту орын алады, демек, әңгіме нақты ұста жігіттің өнері жайлы болмаса керек, бұл жерде Науша өзінің бір жігітпен көңіл қосқан жайын емеурінмен анғартып отыр. Келесі кезек Тоғызбайға тиіп, ол «Қызыл қайың – Мамыт» деген күйді тартады. Бұл күйдің әңгімесін Тоғызбай былай түйіндейді: «Бір жігіт бір қызбен көңілдес болады. Бірак өзінің олақтығынан, келген сайын иттерді шулатып, елге жария болып қалады. Содан кейін бірде, әсіреле белсене шауып жүрген бір қайың-қаптал итті манағы жігіт айдалада қуып жүріп, әбден сабап, бір аяғын сындырып қоя береді. Міне, сонда, итті алдай алмаған жігіт қызбен не сөйлеспек деп шығарған күйім еді», – депті.

«Науша мен Тоғызбайдың арасында әлденендей келісім, ұғысымның барын байқау қыын емес. Науша, қыздың көңілін таба білген епті жігіт жайын айтса, Тоғызбай жұғымы жоқ олақ, ебедейсіз жігіт жайын айтып отыр. Сол жиында

отырган қыз-бозбалага өнеге ғой бұл» – дейді зерттеуші Айтжан Тоқтаган өзінің «Күй – Тәнірдің күбірі» атты еңбегінде [12, 75 б.].

Үшінші кезек Есбайға тиеді. Ол екі домбырашының бұрыннан дайындал келген күйлерін тартқандарын, ал өзінің осы арада, табан астында шығарған күйін тартатынын және олар оң қағып тартса Есбай теріс қағып тартатынын айттып «Терісқақпай» күйін орындаиды. Жұрт: «Тазбала жеңді», – деп шуласып кетеді, содан Қаналы төре байракты Есбайға береді. Сол кезде Науша қыздың: «Уа, алдияр! Мен бірінші кезек өзімे тигенде сасып қалып, қолыма ілінген күйді тарта салып едім. Ендігі тілек – осы жиынға арнал әкелген күйімді тартсам деп едім. Маған байрақ керек емес. Жұрт күйімді тындаса болды» дегенін халық та, төре де күп көреді. Науша қыз өзінің «Бұлбұл» атты әйгілі күйін тартады. Есбай өзінен кейін ешкім күй тартпай келгеннін, ал енді Науша қыздың мына тартуын өзінің заманының өткені деп білетінін айттып, мұнайып отырып «Өттің дүние» күйін қозгайды. Осы арада Тоғызбай Есбайға «бұл дүниеден шешен де, данышпан да, батыр да өткен, бұл дүние кімнен қалмаган?» деп басу айттып, өзінің «Әләйім жалған» атты күйін тартады. Ойын қорытындылай келе Айтжан Тоқтаган: «Наушаның «маган Байрақ керек емес. Жұрт күйімді тындаса болды» деген сөздерінде үлкен әлеуметтік астар жатқан сияқты. Бірінші күйінде Науша өзінің бір жігітпен көңіл қосқанын меңзейді. Ал екінші күйінде домбырашы қыз өзінің ықтиярсыз ұзатылғанын немесе ұзатылғалы жатқанын айтқан болуы керек» дейді. (Бұл ақызды жеткізген домбыраши Алым Жанбыршин) [12, 74-77 бб.].

Дина Нұрпейісова «Бұлбұл» күйін Дәuletкерейдің «Бұлбұл» күйіне еліктеп шығарған деген пікірді келтіре отырып, Дәuletкерейдің «Бұлбұлы» жайлы А. Жұбанов: «Дәuletкерей шыншыл суреткер ретінде, құстың дауысын домбыраға құр қайталап түсірмей, сайраған бұлбұл тақырыбы поэтикалық түрде халық өмірімен тығыз байланыса жырланған. Бұл музыкада адамды қанаттандырып, қиялын қозгайтын «казаттық жыры» деген тәріздес астар ой жатыр» – дейді [1, 128 б.]. Дәuletкерейдің «Бұлбұлы», оның көптеген басқа күйлері сияқты, әйелдер бейнесін сомдауға арналған дейтін болсақ, әлеуметтік наразылық, қызды өз еркінен тыс малға беру жайлы астарлап айтатын, әсіреле, қыздар шығармашылығында көрініс тапқан қарсылық әндер жайлы әңгімеге алып келеді. Динаның «Бұлбұлына» негіз болған «Сокыр қыздың әні» де мұн-шерін әнмен тарқатқан Балымның азалы

үні емес пе? Иә, Динаның «Бұлбұл» күйі арқылы дәстүр сабактастығын анық көрге болады, яғни Дәүлеткерей, Құрманғазының аттас күйлерін өз күйімен жалғастыру дәстүрі жоқ емес, бірақ сонымен қатар, Динада бұлбұл бейнесі тағдыр тауқыметін көрген әйел адамның бейнесіне үласады.

Әйелдердің әлеуметтік тенсіздігі тақырыбы кеңес заманының идеологиясына толықтай сәйкес келгенін ескерсек, Б. Ерзаковичтің де сөздерін ұфына түсеміз: «...в быту сохранилось много песен девушек, просватанных помимо их воли. Эти песни размыщения о своей печальной доле, песни-жалобы о невозможности изменить свою судьбу. Мелодии таких песен, более развитых чем сыны, несмотря на трагичность содержания текста, по мажорной лирической напевности бывают холодновато-рассудительными, так что даже возникает сомнение о художественном единстве мелодии и стихов» [14, 64 б.], – деп, осы тақырыптағы әндердің сыңудың жетілген түрі екенін айтып өтеді. Зерттеуші К. Іслемжанұлы: «...отбасылық ғұрып фольклорының ішкі рухында қазақ әйелінің еркін де, нәзік жан дүниесі көрініс береді. Бесік тербетіп отырған әйел балаға деген мейірім шуағын ғана төгіп қоймайды, өз басының мұнын, тіпті, әлеуметтік тенсіздікті де өлеңге қосып айта береді. Оны сыңудың да, жоқтаудың да мазмұнынан аңғаруға болады. Отбасылық ғұрып фольклоры – осындай ішкі ірімдері мол, ғұрыптық та, лирикалық та астары қосқабат, көпқыртысты жанр [15, 8 б.], – дейді. Жоғарыдағы зерттеушілер пікірлері бір-біріне сәйкес келеді. Сол сияқты «Азаттық» радиосының тілшісі Нұртай Лаханұлы өзінің «Қазақ ән өнеріндегі қарсылық сарындағы шығармалар» атты макаласында «Соқыр қыздың әнін» (Қайыптың әні «Жадаукөк», Амангалидың, Ажардың әндерімен қатар) Батыс Қазақстан ән дәстүріндегі қарсылық әндерге жатқызады. Макала авторының айтуы бойын-

ша, бұл өңірге тән әндер «саяси қарсылығы аз болса да, әлеуметтік трагедияны сипаттайтын соны тенеулерге толы. Басқа өнірлерде сирек кездесетін әйелдер шығармашылығы да осы өлкеге кең тараған». Осы мақалада музика зерттеушісі Ерлан Төлеутайдың бұл өңірге әлеуметтік келенсіздіктерге деген наразылықты әннен гөрі күй арқылы жеткізу тән деген пікірі бар. «Қазанғаптан бастап Құрманғазы, Диналардың күйлерінің қай-қайсысында да қарсылық сарыны аңғарылып тұрады» деген ойы келтірілген. Мақалада халық композиторы Білектің «Соқыр қыздың әнінің» өлең-жолдары берілген. «...Әннің әуенінен өкпе-реніш пен мұнды анық сезіне аласыз» – деп жазады мақала авторы (әнді орындаған Мекес Төрешов) [16]. Бұл зерттеулерден түйетін ойымыз, «Соқыр қыздың әні» деген әннің түбінде мұн, зар жатыр. Бұл ән бұлбұл құстың шарасыз халімен тепе-тен, жанамалас болып келетіндіктен екі бейне арасындағы байланыс қазақ музикасында қалыптасып қалған түсінік іспетті. Сонымен, қазақтың күй өнерінде бұлбұл бейнесін әйел бейнесімен, оның ауыр тағдырымен, жан-дүниесінің қүйзелісімен, әлеуметтік келенсіздікке қарсылық ойын астарлап жеткіzetін мұнды әуенімен байланыстыра, қыстыра айту – белгілі бір деңгейде қалыптасқан түсінік немесе дәстүр.

Бұл бейнелердің өзара қысысуын төменде келтірілген «Соқыр қыздың әні» [9, 279 б.] мен Динаның «Бұлбұл» күйінде қолданылған музикалық әдіс-тәсілдер арасындағы ұқсастықтардан байқаймыз. Мысалы:

- ән де күй де бір өлшемде жазылған;
- әндеңі мордент (әуенді әшекейлеу, не-гізгі дыбыстың қосымша дыбыспен кезек алмасуы) және жоғары дыбыстан төменгі дыбыска сатылап түсетін секвенциялар «Бұлбұл» күйінде де жиі кездеседі;
- ән де күй сияқты фригийлік ладта (II-ши төмендетілген дыбыс – ми-бемоль) жүреді.

№2 «Соқыр қыздың әні». Жеткізген Е. Жұмағалиев; нотаға түсірген А. Затаевич

Печально и жалобно • = 92

The musical score for 'Soqyr qyzdyñ anî' is presented in G major and 2/4 time. It features two staves. The first staff begins with a dynamic 'mf' and consists of eighth-note patterns. The second staff begins with a dynamic 'p' and consists of sixteenth-note patterns. A section of the music is labeled 'задерживая' (holding back).

«Бұлбұл» күйінің (№3 мысал) бас буындағы төменгі «ре» ішегінде жүретін әуендей құрылым (ре-ми-фа-соль-фа-ми-ре) «Соқыр қыздың әніндегі» (№2 мысал) бастапқы 4 тактының әуеніне сәйкес келеді.

Әннің бірінші сөйлемі эолийлік ладта басталып, екінші сөйлемі фригийлік ладқа жалғасып кетеді, яғни 2-ші төмендегілген дыбыс

(ми-бемоль) пайда болады. Сол сияқты «Бұлбұл» күйінде де бас буын мен негізгі әуен алдымен эолийлік ладта басталып, кейін фригийлік ладта жүреді.

Күйдегі ми-бемоль қолданылатын бұл іірімдер күйдің өн бойында қайталанады және бұл қолданылатын тәсіл бұлбұл сайрауын көрсететін күйдегі ең жарқын кезең (№4 мысал).

№3 Дина «Бұлбұл». Орындаған Д. Нұрпейісова; нотаға түсірген Ж. Қаламбаев

Жылдам, нақтай

№4 Дина «Бұлбұл». Орындаған Д. Нұрпейісова; нотаға түсірген А. Токтаган

Күйдегі сағадан сатылап түсетең секвенциялық қозғалыс әнде де кездеседі (№5, 6 мысалдар).

Сонымен, талдауды қорыта келе айтатынымыз күйдің бас буыны мен негізгі буындары әннің әуенінің зандалықтарына негізделеді. Сонымен қатар, күйдегі сағаның жоғары дыбысынан сатылап төменге түсетең секвенциялық қозғалысты ән әуенінен де байқаймыз. Күйде де, әнде де бұлбұлдың сайрауын бейнелеу ортақ фригийлік ладтың қолданылуы арқылы жузеге асады. Осыған қарап, «Бұлбұл» күйінің негізінде «Соқыр қыздың әнінің» әуені жатқандығын көреміз.

Күйді орындау дағдысын шындағы түсуде қажетті шарттардың тағы бірі – ол күйді осы күнге дейін нотаға түсіріп немесе орындаған жеткізген өнер қайраткерлерінің еңбегімен санасу, бағалау болып табылады. Динаның «Бұлбұл» күйін алғаш рет нотаға түсірген КР еңбек сіңірген қайраткері, қобызышы және домбырашы Жаппас

Қаламбаев болатын [19, 77 б.]. 1991 жылы КР халық әртісі, күйші Қаршыға Ахмедияровтың «Әсем қоңыр» жинағында екінші рет түсірілген нұсқасы жарық көрді [20, 36 б.].

Күйдің негізгі өлшемі Ж. Қаламбаевтың нұсқасында алты сегіздік болса, К. Ахмедияровтың түсірілімінде үш сегіздік. Күй негізінен жеке орындауға лайықталған және оның әрбір қағысын, әрбір нотасын түгелдей қалдырмай орындау – шығарманың негізгі талабы екенін ескерсек, оның өлшемі үш сегіздікте болғаны тиімдірек деп есептейміз. Жаппас күйші күйдің нотасын Динаның орындауынан тікелей түсіруі әбден мүмкін. Сондыктан «Бұлбұл» күйін Дина дәл осылай орындаған деп болжауға болады.

Құрманғазы, Дәулеткереймен Динаның «Бұлбұлын» салыстырып қарастыrsa, Құрманғазы мен Дәулеткерейдің бас буындары біркелкі, яғни қанша қайталанса да өзгермей тартылатынын байқаймыз. Ал Динаның күйінде бас буын

Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл» күйі құстың сайрауы ма, әлде мұнды қыздың әні ме?

әр қылы тартылады. Құрманғазы сағадан түсегінде секвенция түрінде зырылдатып өте шықса (№7 мысал), Дина осындай жерлерде

әр буынға тоқтап, қағыстарын іркіп, пернелерді жеке-жеке сейлетіп барып бас буынға түседі (№9 мысал).

№5 Дина «Бұлбұл». Нотаға түсірген Ж. Қаламбаев

№6 Дина «Бұлбұл». Нотаға түсірген А. Тоқтаған

№7 Құрманғазы «Бұлбұл». Орындаған Е. Қазиев; нотаға түсірген А. Тоқтаған

№8 Дәүлеткерей «Бұлбұл». Жеткізген М. Бекейханов; Нотаға түсірген А. Затаевич

№9 Дина «Бұлбұл». Нотаға түсірғен А. Тоқтаган



Ж. Қаламбаев нотаға түсірғен нұсқасында Динаның «Бұлбұл» күйі домбыраның мойнындағы композициялық буындарын тоғызқышынан деп айтуда болады. Бұл «Бұлбұл» күйінің Дина Нұрпейісованың алғашқы орындағаны болуы керек. Өзінің орындаудағы бұл нұсқаның аудио жазылымы, өкінішке орай бізге жетпеді. Осы нұсқаны КР халық әртістері Рұстембек Омаров, Рысбай Фабдиев [21, «А»: №4], Әзидолла Ескалиев [22, №14], КР еңбек сінірген қайраткері Шәміл Әбліттай [23, CD-1, №16], КР еңбек сінірген әртістері Жекесенбек Нұржаяев, Айгүл Үлкенбаевалар әбден жеріне жеткізе орындаады. Кейін Динаның өз орындаудағы фоножазылымдағы бар күйлер жинақталып, жеке гигант (гигант, гранд, мини – пластинканың көлемі) күй табақ болып шығарылды. Сол кезден бастап Динаның «Бұлбұлының» келесі бір өзінің орындаған нұсқасы айналымға енді [24, CD-2, №5], [25, CD-28, №5]. Халық музыкасында, соның ішінде күйде қатып қалған қағида жоқ (мысалы, бір орындағанды екінші тартқанда тұра өзгертуші тарту деген сияқты). Оның үстінен Дина секілді суырып салма күйшіге әр орындағанда өзінше өзгертип тарту – табиғи нәрсе. Сондыктан екі жазбада да өзіндік ерекшеліктер (тексте де, ырғактық жағынан да) баршылық.

Күйтабаққа шыққан бұл нұсқаны домбырашылар тез үйреніп алып, концерттік репертуарларына енгізіп, орындалап кетті. Дәлірек айтсақ, тап осы нұсқаны орындаған және өте жақсы орындаған милиция полковнигі Сағын Жалмышев еді [26, CD-1, №21], [27, CD-1, №27]. Бұл ағамыздың арнағы музикалық сауаты болмаса да, табиғи есту қабілеті ең жоғарғы деңгейде дамыған, оған қоса домбыраға, күйге де-

ген ынтасты кез келген оқыған домбырашыдан жоғары екені бүкіл Қазақстанға белгілі азамат. Бұл кісіден кейін бұл нұсқаны (II нұсқаны) кәсіби түрде шығына шығарып орындаған және насиҳаттаған дүлдүл домбыраши, КР халық әртісі Қаршыға Ахмедияров болатын [28, CD-5, №1]. Осы екі нұсқа да өте керемет тартылған. Түбі бір күй болса да, күйші Дина екі нұсқасында керемет виртуоздықпен орындаған. Мүмкін, сол кезде күйшінің тағы бір орындаудың сұрап жазып алғанда, бүгінгі күні «Бұлбұл» күйінің үшінші нұсқасы қолымында болар ма еді... Күйшінің суырып салмалық қасиетін ескерсек, эрине болар еді. Қазіргі кезде біреулер күйші Динаның «Бұлбұлының» бірінші нұсқасын тындағанды, бәзбіреулер екінші нұсқасын тындағанды ұнатады. «Талғамда талас жоқ» дегендей, қай нұсқасы болса да өз алдына ерекше күй болып, қарапайым қара домбырадан осыншама мүмкіндіктің толассыз шығып жатқанына қайран калудан басқа амал қалмайды.

Сонымен, ойымызды қорытындылай келе айтатынымыз қазақтың дәстүрлі өнерінде, соның ішінде қазақ күйшілерінің шығармашылығында көптеп кездесетін үрдіс – бұлбұл бейнесін әйел адамның тағдырымен, ғұрыптық әндерден бастау алатын әйелдердің мұнды әуендерімен қиыстыру болып табылады. Соның ең жарқын көрінісі Динаның «Бұлбұлы». Осы байланысты билетін қандай да домбыраши күйді тек сылдыр техникалық жағынан емес, өзгеше, ерекше толғаныспен орындағандастырынына сенімдіміз. Мақаланың аты айтып түрғандай, бұлбұл құстың сайрауының астарында жатқан мұнды қыздың азалы үнін сезінген домбырашының осы күйге деген көзқарасы өзгеріп, оның мағынасын ашуда зерделі орындаушылыққа ұмтылыс

жасайды. Сөйтіп, күйдің тақырыбымен үндестігі жағынан Динаның орындаушылығына біргапан жақындей түседі. Ал күйші Динаның «Бұлбұлды» орындаған жазылымын тыңдағанда нәзік дыбыстың жігерлі дыбысқа, көнілді дыбыстың мұнды дыбыстарға ғажайып көркемдікпен алмасатынын байқаймыз. Кішігірім паузадан кейін бәсендеп бара жатқан әсем әуеннің соңынан, кенеттен, жаңа, жарқын әуеннің белсенді ілесіп кетуі – Дина орындаушылығына тән ерекшеліктердің бірі. Күй анасының он саусағынан күй төгілгенде дыбыстардың сан қырлылығы, толықтығы мен күшіне таңданудан басқа амал қалмайды. Мақаламызды ақын Илияс Жансүгіровтың «Бұлбұлға» деген өлеңімен қорытындылағымыз келеді:

Сайрадың құйқылжытып, құбылжытып,
Тамсандым, таңдайымның сүйн жұтып,

Толқытып, толықситып, емірентіп,
Киқуға қызықтырың, қылдың ынтық.
Ерікті алып, ес шығарып, екілентіп,
Көңілді көлбектетіп, ойды ұмтылтып,
Қанды қозғап, тамырды солқылдатып,
Көңіл мұнын, жүректің лебін тінтіп.
Малда дыбыс, көлде шу, жерде ызыл жоқ,
Манаиды манаурадым мұлде ұмтып,
Судың сылдыр, тоғайдың дыбыры жоқ,
Басқаны қойдың, әншім, тақа құртып.
Шырқатып, шыңғырасың шымырлатып,
Төмөндел түсіресін сыйырлатып,
«Мұндым-ау! Мынау сенің мұның гой», – деп,
Маған да әкелесін қыңырлатып,
Жіберіп жер астына ызылдатып,
Қайтадан көтересін сыйырлатып,
Жүргегім, қаным, мыйым, көмейім де,
Қосылып, көс құлақты шыңылдатып.
Сен сондай, ә, мен қандай сол мезгілде?
Елжіреп ішім, бауырым кеткен мұлде.
Қаныма қосып кеттің бір ауру,
Осылай сайрамасаң күнде-күнде.

Әдебиеттер

- 1 Жұбанов А. Фасырлар пернесі. – Алматы: Жазушы, 1975. – 400 б.
- 2 Бисенова Ф. Ғажайып дарын. Дина күйші. Жинақ / Құраст. Ф. Әннес– Алматы: Арыс, 2012. – 336 б.
- 3 Сейдімбек А. Қазактың күй өнері. – Астана: Құлтегін, 2002. – 832 б.
- 4 Шамсутдинова Д. Анализ произведения Ганса Христиана Андерсена «Соловей» <http://www.scienceforum.ru/2013/143/2477>
- 5 Закомолдина О. Философско-эстетическая проблематика в сказках Оскара Уайльда // <http://barhat-art.ru/416-2/>
- 6 Шегебаев П. Происхождение и развитие образа соловья в домбровой музыке // Инструментальная музыка казахского народа. – Алматы: Өнер, 1985. – 152 б.
- 7 Тұрмагамбетова Б. Әйелдердің мұнды әндері (<http://kazgazeta.kz/?p=3502>)
- 8 Затаевич А. 500 казахских песен и кюйев. Алма-Ата: Наркомпрос Казакской АССР, 1931. – 313 б.
- 9 Затаевич А. 1000 песен казахского народа. М: Государственное музыкальное издательство, 1936. – 607 б.
- 10 Ерзакович Б. У истоков казахского музыкоznания. – Алма-ата: Наука, 1987. – 176 б.
- 11 Наурзбаева З. Две любви Естая <http://www.otuken.kz/index.php/cultzira/327>
- 12 Есенұлы (Токтаган) А. Күй – Тәнірдің күбірі. – Алматы: Дайк-пресс, 1996. – 208 б.
- 13 Арапин П. Даулеткерей и казахская музыка XIX века. – М: Советский композитор, 1984. – 152 б.
- 14 Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахского народа. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 402 б.
- 15 Исләмжанұлы (Матыжанов) К. Қазактың отбасылық фольклоры: монография. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 б.
- 16 Лаханұлы Л. Қазақ ән өнеріндегі қарсылық сарындағы шығармалар http://www.azattyq.org/content/kazakhstan_traditional_music_western_style/24668663.html
- 17 Токтаган А. Атыраудың 62 Ақжелені. – Алматы: Өлке, 2000. – 160 б.
- 18 Бақтығалиева Д. Жанр Ақжелен в инструментальной (домбровой) культуре казахов: Әнертану кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2008. – 161 б.
- 19 Бисенова Г. Кюйи Дины Нурпейисовой // Музыкальная культура Казахстана. – Алма-Ата: КазГосИздат, 1955. – 180 б.
- 20 Ахмедияров Қ. Нұрпейісова Д. Әсемқоңыр. – Алматы: Өлке, 1997. – 128 б.
- 21 Габдиев Р. Байжұма [аудио-кассета]: казақ күйлері: домбыра. – Алматы: «Мәлике» шығармашылық орталығы, 1999. – 19 күй.
- 22 Ескалиев Э. Дәүлескерлік дәстүр [Электронды ресурс]: казақ күйлері: домбыра. – Атырау: EL production company, 2011. – 1CD, 1 DVD
- 23 Қазақ музыкасы [Электронды ресурс]: жинақ. – Алматы: «Меломан Home Video» компаниясы, III диск.
- 24 Мәңгілік сарын [Электронды ресурс]: қазақ күйлері: домбыра. – Алматы: «Ел» продюсерлік орталығы, 2012. – 8 эл. опт.диск (CD-ROM)
- 25 Қазактың дәстүрлі 1000 күйі [Электронды ресурс]: қазақ күйлерінің антологиясы. – Алматы: «Ел» продюсерлік орталығы, 2009. – 41 эл.опт.диск (CD-ROM)

26 Фасырлар сазы [Электронды ресурс]: қазақ халық музыкасының антологиясы. – Алматы: «Мақсат» Records, 2001. – 3эл.опт.диск (CD-ROM)

27 Мәңгілік сарын [Электронды ресурс]: қазақ күйлерінің антологиясы. – Алматы: «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ: Қазақстан RECORDS, 2004. – 9 эл.опт.диск (CD-ROM)

28 Kuyi Karshyga... [Электронды ресурс]: full collection: special edition: volume I. – АҚШ, 6 эл.опт.диск (CD-ROM)

References

- 1 Zhubanov A. Gasyrlar pernesi.– Almaty: Zhazushy, 1975. – 400 b.
- 2 Bisenova G. Gazhajyp daryn // Dina kuishi. Zhinak / Kurast. Anes G. – Almaty: Arys, 2012. – 336 b.
- 3 Seidimbek A. Kazaktyn kui oneri.– Astana: Kultegin, 2002. – 832 b.
- 4 Shamsutdinova D. Analiz proizvedeniya Gansa Hristijana Andersena «Solovei» <http://www.scienceforum.ru/2013/143/2477>
- 5 Zakomoldina O. Philosofsko-esteticheskaya problematika v skazkah Oskara Uailda <http://barhat-art.ru/416-2/>
- 6 Shegebayev P. Proishozhdenie I razvitiye obrazov solovya v dombrovoi muzyke // Instrumentalnaya muzyka kazakhskogo naroda. – Almaty: Oner, 1985. – 152 b.
- 7 Turmagambetova B. Ajelderin mundy anderi (<http://kazgazeta.kz/?p=3502>)
- 8 Zatayevich A. 500 kazakhskikh pesen i kuyev. Alma-Ata: Narkompros Kazakhskoi ASSR, 1931. – 313 b.
- 9 Zatayevich A. 1000 pesen kazakhskogo naroda. M: Gosudarstvennoe muzykalnoe izdatelstvo, 1936. – 607 b.
- 10 Erzakovich B. U istokov kazakhskogo muzykoznaniya. – Alma-Ata: Nauka, 1987. – 176 b.
- 11 Naurzbayeva Z. Dve lyubvi Estaya <http://www.otoken.kz/index.php/cultzira/327>
- 12 Esenuly (Toktagan) A. Kui – Tanirdin kubiri. – Almaty: Daik-press, 1996. – 208 b.
- 13 Aravin P. Dauletkekerei I kazakhskaya muzyka XIX veka. – M: Sovetskii kompozitor, 1984. – 152 b.
- 14 Erzakovich B.G. Pesennaya kultura kazakhskogo naroda. – Alma-Ata: Nauka, 1966. – 402 b.
- 15 Islamzhanuly (Matyzzhanov) K. Kazaktyn otbasylyk folklor. Monografiya. – Almaty: Arys, 2007. – 332 b.
- 16 Lakhanuly L. Kazak an onerindegi karsylyk saryndagy shygarmalar http://www.azattyq.org/content/kazakhstan_traditional_music_western_style/24668663.html
- 17 Toktagan A. Atyraudyn 62 Akzheleni. – Almaty: Olke, 2000. – 160 b.
- 18 Baktygaliyeva D. Zhan Akzhelen v instrumentalnoi (dombrovoi) kulture kazakhov: Onertanu kandidaty gylymi darezhesin alu ushin daiyndalgan dissertaciyanyn avtoreferaty. – Almaty, 2008. – 161 b.
- 19 Bisenova G. Kjui Diny Nurpeisovoi // Muzykalnaya kultura Kazakhstana. – Alma-Ata: KazGosIzdat, 1955. – 180 b.
- 20 Akhmediyarov K. Nurpeisova D. Asemkonyr. – Almaty: Olke, 1997. – 128 b.
- 21 Gabdiyev R. Baizhuma [audio-kasseta]: kazak kuileri: dombyra. – Almaty: «Malike» shygarmashylyk ortalgygy, 1999. – 19 kui
- 22 Eskaliyev A. Dauleskerlik dastur [Elektronny resurs]: kazak kuileri: dombyra. – Atyrau: EL production company, 2011. – 1CD, 1 DVD
- 23 Kazak muzykasy [Elektronny resurs]: zhinak. – Almaty: «Meloman Home Video» kompaniyyasy, III disk.
- 24 Mangilik saryn [Elektronny resurs]: kazak kuileri: dombyra. – Алматы: EL production company, 2012. – 8 el.opt.disk (CD-ROM)
- 25 Kazaktyn dasturlı 1000 kuji [Elektronny resurs]: kazak kuilerinin antologiyasy. – Almaty: «El» prodyuserlik ortalgygy, 2009. – 41 el.opt.disk (CD-ROM)
- 26 Gasyrlar sazy [Elektronny resurs]: kazak halyk muzykasynin antologiyasy. – Almaty: «Maksat» Records, 2001. – 3el.opt. disk (CD-ROM)
- 27 Mangilik saryn [Elektronny resurs]: kazak kuilerinin antologiyasy. – Almaty: «Kazakhstan» respublikalyk teleradiokorporasiyasy» АҚ: Kazakstan RECORDS, 2004. – 9 el.opt.disk (CD-ROM)
- Kuyi Karshyga... [Elektronny resurs]: full collection: special edition: volume I. – USA, 6 el.opt.disk (CD-ROM)

Sebti M.

Ethical Trends in Islamic Philosophy

The author makes a brief survey of the great contribution of al-Farabi to ethical and political questions. Also tries to focus briefly on the specificity of this classical ethics; to underline its relationship to Greek ethics but also its close relationship to the Qur'an and the Sunna and try to show how this very specific heritage has its place in Muslim contexts today.

Before the ninth and tenth centuries, systematic ethical discussions were not yet developed in Islamic context. From the ninth century onwards, a substantial body of Greek ethical material – translated into Arabic – was in circulation in Islamic countries. For Fārābī, ethics, metaphysics and politics are closely linked. Fārābī conceives of the virtuous city (al-madīna al-fādila) as the city which allows citizens to reach their intellectual and moral perfection.

Key words: al-Farabi, ethics, metaphysics, politics, morality, Islamic philosophy.

Себти М.

Ислам философиясындағы этикалық тенденциялар

Автор әл-Фарабидің этикалық және саяси пікірлеріне шолу жасайды. Сондай-ақ, классикалық этика ерекшелігіне қысқаша тоқталып, оның тек грек этикасына ғана емес, сонымен қатар Құран және Сұннетке қатысын баса назарға алады және бұл мұраның бүгіндегі мұсылман контекстінде орнын көрсетуге тырысады.

Тоғызынышы және онынышы ғасырларға дейін жүйелі этикалық талқылау Ислам контекстінде болған жоқ. Тек тоғызынышы ғасырдан бастап, грек этикалық материалының айтартылған мөлшері араб тіліне аударылған және Ислам елдеріне таратылған. Әл-Фарабидің пікірінше, этика, метафизика және саясат өзара тығыз байланысты. Ол азamatтардың интеллектуалдық және моральдық жетілдіруіне жетуі мүмкін орын ретінде ізгілікті қаланы (әл-тәдіна әл-fadila) қарастырады.

Түйін сөздер: әл-Фараби, этика, метафизика, саясат, мораль, ислам философиясы.

Себти М.

Этические тенденции исламской философии

В данной статье автор рассматривает этические и политические взгляды аль-Фараби. Также пытается кратко остановиться на специфике классической этики, чтобы подчеркнуть ее отношение не только к греческой этике, но и Корану и Сунне и попытается показать, как это конкретное наследие имеет свое место в мусульманском контексте сегодня.

До девятого и десятого веков, систематические этические дискуссии еще не были разработаны в исламском контексте. Начиная с девятого века и далее, значительный объем греческого этического материала переводится на арабский язык и распространяется в исламских странах. По аль-Фараби, этика, метафизика и политика тесно связаны между собой. Он мыслит о добродетельном городе (аль-тадина аль-fadila) как о месте, где граждане могли достичь своего интеллектуального и нравственного совершенства.

Ключевые слова: аль-Фараби, этика, метафизика, политика, мораль, исламская философия

National Center for Scientific Research

CNRS (France)

E-mail: sebti@vjf.cnrs.fr

ETHICAL TRENDS IN ISLAMIC PHILOSOPHY

I will make a brief survey of the great contribution of al-Fārābī to ethical and political questions.

When we look into the history of classical Islamic philosophy, we can notice the paramount importance of ethical writings from the 10th to the 16th century. I will try to focus briefly on the specificity of this classical ethics; to underline its relationship to Greek ethics but also its close relationship to the Qur’ān and the Sunna and try to show how this very specific heritage has its place in Muslim contexts today.

Before the ninth and tenth centuries, systematic ethical discussions were not yet developed in Islamic context. However, the commentators as well as the jurists, when interpreting the Qur’ān and the Sunna, were conducting a survey on ethical questions. We can later on distinguish theological theories on ethics from the philosophical ones. The former are divided into two major currents: a) a rationalist current initiated by the Qadarī and Mu’tazilite theologians of the eight and ninth centuries and b) a semi-rationalist and voluntarist one initiated by Abu-l-Hasan al-Aš‘arī (d. 935). A third current is the anti-rationalist current defended in the eleventh century by the Zahirī author Ibn Hazm (d. 1064).

Philosophical theories - for their part - reflect the influence of diverse Greek philosophical schools.

From the ninth century onwards, a substantial body of Greek ethical material – translated into Arabic- was in circulation in Islamic countries. It consisted principally of collections of aphorisms. One of the earliest collections of this type is *Nawādir al-Falāsifā* (*Anecdotes of the Philosophers*), translated and compiled by Hunayn Ibn Ishāq (d. 873); it contains an important amount of ethical dicta by the Greek philosophers and had a significant influence on almost all the falāsifā (i.e. Arab philosophers who considered themselves as heirs of Greek philosophers). Al-Kindī (d. ca. 866), who was contemporary of Hunayn also made a compilation of Socratic excerpts (*Alfāz Suqrāt*). Abu'l-Hasan al-Āmirī (d. 991) wrote a compilation entitled *as-Sa ‘āda wa-l-Is ‘ād* (*On Happiness and Making Happy*), which contains a part of the ethical material contained in the earlier translations.

However, I will focus on one outstanding classical Islamic philosophers: al-Fārābī (872-950).

Apart from this Greek gnomological literature, many ethical writings attributed to Galen, Porphyry and Aristotle were translated into Arabic around the middle of the ninth century. These writings had a clear impact on moral philosophers, on their views regarding the nature of moral activity, right and wrong, virtue, happiness, deliberation and choice and other ethical questions.

Among these texts, Galen's *Peri Ethon* (d. c. 200 - the Greek original is lost), Plato's *Laws* and Aristotle's *Nichomachean Ethics* are by far the most important. The translation of the *Nicomachean Ethics* by Ishaq ibn Hunayn (d. 911) indeed marked a turning point in the history of philosophical ethics in Islam as Fakhri rightly states it. Al-Kindī's treatises on ethics are unfortunately lost. However, the first Arabic philosopher to comment on parts of the Nicomachean Ethics is al-Fārābī (d. 950). This commentary is also regrettably lost. Nevertheless, from another work of al-Fārābī, *Excerpts from the Writings of the Ancients* (*Fusūl muntaza'a*), we can become acquainted with his theories on the subject of virtue, friendship, political association and happiness. Additional ethical theories can be found in other sources such as *The Attainment of Happiness* (*Tahsīl al-Sa'āda*), *The Direction to the Way of Happiness* (*Al-Tanbīh 'alā Sabīl al-Sa'āda*), and the *Enumeration of the Sciences* (*Ihsā' al-'Ulūm*).

For Fārābī, ethics, metaphysics and politics are closely linked. Fārābī conceives of the virtuous city (*al-madīna al-fādila*) as the city which allows citizens to reach their intellectual and moral perfection. He states in the *Enumeration of the Sciences* (*Ihsā' al-'Ulūm*) that the existence of such a city is the condition without which man cannot achieve this perfection:

"The existence [of such happiness] in man is [possible] when actions and virtues are spread among the cities and the nations following a [specific] order and when they are equitably shared. It has been clearly shown that this can only be with the help of a government that, makes those actions (*af'āl*), ways of life (*sunan*), characters (*śīm*), dispositions (*malakāt*) and ethical behaviour (*ahlāq*) possible"¹.

As Fārābī explains in the *Direction to the Way of Happiness* (*Al-Tanbīh 'alā Sabīl al-Sa'āda*), the government must inquire into what "all the

nations have in common, which means the human nature common to all – and then it must search what is proper to each group within each nation"². He establishes a distinction between common law and universal law, common to all people and to all nations. Common law addresses a singular nation. It is adapted to its customs and habits. Following Fārābī's philosophical system, particular law originates in universal law and the latter- which is universal-, depends on the intellectual faculties. Therefore, the leader of the city must be able to adapt common law to the people, to their particular habits and customs. He does so because he is able to transcribe into metaphorical language the universal laws which are not accessible to the people. The foundation of the virtuous city – the city which allows everyone to reach his own perfection, be it intellectual or practical – is due to a man who is able to reproduce in the city the hierarchical order existing in the metaphysical realm. For Fārābī, all the different groups of people that he distinguishes inside the city must help each other for the benefit of the entire city. Following Fārābī, we can find different groups of men in the virtuous city: the philosophers, the soldiers, the producers of goods (peasants, shepherds, traders) then people who transmit revealed law and people who master the language (scholars, theologians, poets) and finally the experts (physicians, astrologers). These groups must constitute a homogeneous unity inside which each one works for the benefit of the whole, as different parts of human body work for the conservation of the noblest organ, the heart.

